



**Емделушінің  
алынбалы (алынбайтын) аппаратпен ортодонтикалық емдеуге  
ақпараттандырылған ерікті келісімі**

Мен менің балама алынбалы (алынбайтын) аппаратпен ортодонтикалық емдеудің тағайындалғаны туралы дәрігер тарапынан ақпараттандырылдым, мен емдеу жоспарымен және мерзімімен келісемін.

Маған балаларда туындайтын тістестіру мәселесін шешуге:

1. Алынбалы ортодонтикалық пластинкалар (пластмассадан жеке дара дайындалған бір- немесе екі жақ аппараттары);
2. Тістестірудің дұрыс қалыптасуына, тістердің түзетілуіне, жұту мен тыныс алудың қалыптандырылуына жәрдемдесетін «Трейнер» жүйесінің аппараттары (жұмсақ силиконнан жасалған каппалар) мүмкіндік беретіні хабарланды.

Дәрігер маған осы аппаратпен емдеу мерзімін және жоспарын түсіндірді, алынбалы (алынбайтын) аппаратын пайдалану ережелерін түсіндірді. Бұл аппараттың әрекеті аяқталғанда, басқа ортодонтикалық аппаратты (клиникалық жағдайға қарай) дайындау немесе қарқынды бақылау жүргізілуі мүмкін.

Дәрігер маған алынбалы пластинкаларды күніне бір рет күнделікті тазалау және аптасына бір рет арнайы құралдармен терең тазарту қажеттілігі, сондай-ақ пластинкаларды бактерияларға қарсы ерітінділермен өңдеу қажеттілігі туралы түсіндірді. Тазартуды әдеттегі ысқыштың көмегімен жүргізу қажет, шамадан тыс қысым зиян келтіреді.

Алынбайтын аппараттармен емдеу кезінде үй жағдайында ауыз қуысының тазалығына арналған қосымша құрылғы – ирригаторды пайдалану міндетті. Емделуші оны дәріханалардың ресми желісінен өздігінен сатып алуы тиіс.

Пластинкаларда қатты өңез (тістегі тас) болған жағдайда, арнайы ерітінділер мен ультрадыбыс арқылы кәсіби өңдеу үшін емханаға жүгіну қажет.

Маған мыналар ескертілді:

- Ортодонтикалық аппарат емдеу басталғаннан кейін алғашқы 2–3 аптаның ішінде ерін мен ұрттың шырышты қабығын қажауы немесе тырнауы мүмкін, бұл мәселені шешу үшін емханаға жүгіну қажет.
- Қалаулы нәтижеге қол жеткізу үшін ортодонтикалық емдеуге дейін және/немесе кейін жекелеген тістерді жұлу, протездеу, пломбаларды ауыстыру қажет болуы мүмкін;
- Алынбалы ортодонтикалық пластинкаларды пайдалану кезінде пластинка элементтерін белсендету (арнайы кілттің көмегімен аппараттың енін немесе өлшемін механикалық реттеу) қажет. Алынбалы аппараттар мен алынбайтын техниканы белсендетуді емдеуші дәрігер көрсеткен мерзімде, атап айтқанда қатаң түрде жүргізу қажет; Белсендетуді жүргізу тәртібі мен мерзімдері маған түсінікті.

Алынбалы аппараттармен (көпшілік жағдайларда) емдеу ортодонтикалық емдеудің бірінші кезеңі болып табылады, ал әдемі үйлесімді күлімсіреуге қол жеткізу үшін екінші кезең – брекет-жүйе немесе элайнерлердің көмегімен емдеу қажет болуы мүмкін.

Осы құжаттың жоғарыда аталған барлық шарттары маған түсіндірілді, мен өзім таныстырылған емдеу жоспарымен келісемін және маған берілген кеңестерді орындамаған жағдайда, емдеу нәтижесіне қол жеткізілмеуі мүмкін екенін түсінемін.

Мен сәтті емдеудің негізгі шарты емдеу жоспарын және аппаратты тағу режимін қатаң сақтау болып табылатынын түсінемін.